

« *Р/Р* » 10 2021 ж.

Жетісу университеті»
Басқарма Төрағасы – Р.
Г.Ғ.Д., профессор
К. Бай
« »
1972

Ғылыми кеңестің 2021 жылғы 28 қазандағы шешімімен қолданысқа енгізілген (№ 3 хаттама)

ІНҚ-ZU-03-01	Әдеп жөніндегі Кеңес туралы ереже	8 беттен 2-бет
--------------	-----------------------------------	----------------

МАЗМҰНЫ

1 Қолданылу аясы	3
2 Нормативтік сілтемелер	3
3 Терминдер мен анықтамалар	3
4 Жауапкершілік және өкілеттілік	3
5 Әдеп жөніндегі Кеңестің жұмыс тәртібі	4
6 Өзгерістер	6
Өзгерістерді тіркеу парағы	7
Танысу парағы	8

ІНҚ-ZU-03-01	Әдеп жөніндегі Кеңес туралы ереже	8 беттен 3-бет
--------------	-----------------------------------	----------------

1 ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

1.1 Бұл Ереже Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің (әрі қарай - ЖУ, университет) негізгі әдеп ережелерін, сонымен қатар Әдеп жөніндегі Кеңестің жұмыс тәртібі мен шарттарын анықтайды.

1.2 Әдеп жөніндегі Кеңес (әрі қарай- Кеңес) мүшелерінің өкілеттілігі бір оқу жылына созылады.

1.3 Кеңестің ұйымдастырылуы мен қызметі ҚР Конституциясымен, ҚР «Білім туралы» Заңымен, ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңымен реттеледі.

1.4 Бұл Ережені университеттің барлық қызметкерлері, ПОҚ және білім алушылардың орындауы міндетті болып табылады.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ережеде мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылады:

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ заңы	Білім туралы
Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ заңы	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы
ІНҚ-ZU-20-02	«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ Академиялық адалдық саясаты
ІНҚ-ZU-12-05	Ғылыми этика жөніндегі комитеттері туралы ереже
ІНҚ-ZU-15-02	Құжатталған рәсім. Құжатталған ақпаратты басқару

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылды:

Әдеп	Университеттің ПОҚ, қызметкерлері мен білім алушылары өз қызметінде басшылыққа алатын әдептік қағидалар мен іскерлік мінез-құлық нормаларының жиынтығы
Мүдделі тұлға	заңнамамен және Жарғымен қарастырылған құқықтарды университет қызметімен байланысты жүзеге асыратын тұлға
Мүдделер қақтығысы	Университет қызметкерінің немесе лауазымды адамының жеке мүдделілігі оның өз лауазымдық міндеттерін әділ орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай
Ұжымдық мәдениет	Университеттегі ерекше құндылықтар, принциптер, мінез-құлық нормалары мен қарым- қатынастар
Қызметкер	Университетпен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын тұлға

4 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Осы Ережеде көрсетілген талаптарды енгізу үшін жауапкершілік Кеңес төрағасына жүктеледі.

4.2 Әдеп жөніндегі Кеңес мүшелерінің уақытылы ұйымдастырылуы мен төрағаны тағайындауға Басқарма Төрағасы - Ректор жауап береді.

ІНҚ-ZU-03-01	Әдеп жөніндегі Кеңес туралы ереже	8 беттен 4-бет
--------------	-----------------------------------	----------------

4.3 Әдеп жөніндегі Кеңестің төрағасы қызметке басшылық жасайды, отырыстарда төрағалық етеді. Сонымен қатар жұмысты жоспарлайды, жалпы бақылауды жүзеге асырады және қызметі мен қабылдаған шешімдері үшін жауапты болады.

5 ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

5.1 Әдеп жөніндегі Кеңестің негізгі міндеттері

Әдеп жөніндегі Кеңестің негізгі міндеттеріне:

- білімгерлер, ПОҚ және қызметкерлер арасындағы академиялық әділетсіздік жағдайының алдын алу;
- университеттің академиялық адалдық саясатын бұзу фактілерін қарастыру;
- жазбаша жұмыстардың кез келген түрлерін орындау кезінде әдептік нормалар мен академиялық адалдық қағидаттарының сақталуын бағалау;
- құқық бұзушылық, ішкі тәртіп ережелерін, университет Жарғысын бұзу фактілері бойынша университет қызметкерлері мен білім алушыларының өтініштерін қарау;
- университеттің қызметкерлері мен білім алушыларының құқық бұзушылық, ішкі тәртіп ережелері, университет Жарғысын бұзуға қарсы іс-қимыл мәселелерінен хабардар болуын қамтамасыз ету.
- университетте тәртіп бұзушылық фактілерін анықтауға және тиісті шаралар қабылдауға көмек көрсету;
- заң бұзушылықтарға қарсы күресте университеттің әкімшілігімен және құрылымдық бөлімшелерімен өзара бірлестікте жұмыс жасау;
- университетте орын алатын кез келген құқық бұзушылыққа қарсы іс-шара ұйымдастыру;
- құқық бұзушылыққа қарсы іс-қимылдың әртүрлі нысандары мен әдістерін қолдану;
- тәртіпті нығайту, құқық бұзушылықтардың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар енгізу.

5.2 Әдеп жөніндегі Кеңестің негізгі қызметі

Әдеп жөніндегі Кеңестің негізгі қызметіне мыналар жатады:

- білім алушылардың жазбаша жұмыстарын әдептік бағалауға қатысу және білім академиялық адалдық саясаты бойынша білім алушыларға, ПОҚ және қызметкерлерге әдептік сараптама ұйымдастыру;
- Академиялық адалдық саясатымен және әдептік нормалардың бұзылуымен байланысты оқу кезеңінде және аралық, қорытынды аттестаттау кезеңінде туындаған даулы мәселелерді қарастыру;
- білім беру процесіне Академиялық адалдық саясатының принциптерін енгізу мен академиялық адалдық саясатының нормаларын бұзуды ескерту бойынша іс-шаралар өткізу;
- Академиялық адалдық саясатын бұзу, құқық бұзушылық, ішкі тәртіп ережелерін, университет Жарғысын бұзу фактілері бойынша отырыс өткізу;
- Академиялық адалдық саясатын, құқық бұзушылықты, ішкі тәртіп ережелерін, университет Жарғысын бұзуды болдырмауға бағытталған іс-шараларды өткізу;
- университеттің білім алушылары мен қызметкерлері тарапынан әдептік нормаларды бұзу, олардың академиялық адалдық саясатын бұзу, құқық бұзушылық, ішкі тәртіп ережелерін, университет Жарғысын бұзу фактілері бойынша азаматтардың өтініштерін қарау;
- Академиялық адалдық саясатын бұзу, құқық бұзушылық, ішкі тәртіп ережелерін бұзу, университет Жарғысын бұзу фактілері бойынша бұзушы-оқушылардың ата-аналарымен кездесу өткізу;
- зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми-зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болуы тұрғысынан ғылыми-зерттеу жұмыстарын қарау;

ІНҚ-ZU-03-01	Әдеп жөніндегі Кеңес туралы ереже	8 беттен 5-бет
--------------	-----------------------------------	----------------

- ПОҚ және докторанттардың ғылыми мақалалары мен монографияларын жариялауға ұсыныс беру туралы мәселені қарастыру;

- университеттің Ғылыми этика жөніндегі комитеттерінің шешімі негізінде ғылыми мақалалар мен монографияларды жариялауға ұсыныс беру;

- факультет отырыстарына, кураторлар отырыстарымен старостаттарға қатысу;

- университет студенттері мен қызметкерлерінің ескертулері мен ұсыныстарына талдау жасау.

5.3 Әдеп жөніндегі Кеңестің құрамы

5.3.1 Кеңес құрамы университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы, Әкімшілік-басқару персоналы және білімгерлер арасынан бір оқу жылына университеттің Басқарма Төрағасы - Ректордың бұйрығымен тағайындалады.

5.3.2 Әдеп жөніндегі Кеңестің Төрағасы:

- Кеңесте басшылық қызметті атқарады және осы Ережеге сәйкес оның жұмысын үйлестіреді;

- Кеңестің жұмыс істеу бағыттарын анықтайды;

- Кеңес мүшелері арасындағы міндеттерді бөледі;

- Кеңестің жұмыс жоспарын бекітеді және оның орындалуын бақылайды;

- Кеңес отырысының күн тәртібін, орны мен уақытын анықтайды;

- Кеңес отырыстарын ұйымдастырады және оған төрағалық етеді;

- құқық бұзушылық фактілері бойынша университет қызметкерлері мен білім алушыларының өтініштерін уақытылы қарайды;

- университет Басқарма Төрағасы - Ректорына анықталған құқық бұзушылық фактілері бойынша түзету шараларын қолдану туралы ұсыныс енгізеді;

- университет Басқарма Төрағасы - Ректорына Кеңестің атқарған жұмысы туралы есеп береді;

- тәртіпті нығайту, құқық бұзушылықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар дайындайды.

5.3.3 Әдеп жөніндегі Кеңес мүшелері:

- Кеңестің жұмыс жоспары және отырыстардың күн тәртібі бойынша ұсыныстар енгізеді;

- Кеңес отырыстарына материалдар мен оның шешімдерінің жобаларын дайындауға қатысады;

- Кеңес қарастыратын мәселелерді талқылауға қатысады.

5.4 Әдеп жөніндегі Кеңес отырысын ұйымдастыру және өткізу тәртібі

5.4.1 Кеңес өз қызметін төраға бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады.

5.4.2 Отырысты өткізуге дайындық келесі іс-шараларды қамтиды:

- отырысты өткізу жоспарын әзірлеу;

- отырысты өткізу мақсаты мен тәртібі туралы түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;

- отырыстарды өткізу мерзімі мен орнын анықтау;

- Кеңес отырысында қаралатын қажетті құжаттарды дайындау.

5.4.3 Әдеп жөніндегі Кеңестің кезекті отырыстарына материалдар Кеңес мүшелеріне отырыстың белгіленген мерзімінен бұрын 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

5.4.4 Кеңес отырысы 2 айда кемінде 1 рет өткізіледі.

5.4.5 Кеңес отырысына Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады.

Дәлелді себеппен (іссапар, денсаулығына байланысты) қатыспаған Кеңес мүшелері жиналыстың шешімін шығаруға қатыспайды.

5.4.6 Әдеп жөніндегі Кеңес мүшесі Кеңес отырыстарына қатысуға немесе дәлелді себеппен отырысқа қатысуға мүмкіндігі болмаған жағдайда, Кеңес төрағасына немесе оның орынбасарына алдын ала ескертуге міндетті.

5.4.7 Кеңес тәртіптік істі қабылдаған күннен бастап 10 күн ішінде қарайды.

5.4.8 Кеңес академиялық адалдық саясаты бұзған жағдайда білім алушылардың жазбаша жұмыстарына сараптамалық баға береді және бұзушылыққа талдау жасайды.

ІНҚ-ZU-03-01	Әдеп жөніндегі Кеңес туралы ереже	8 беттен 6-бет
--------------	-----------------------------------	----------------

Ұсынылған жазбаша жұмыстарды сараптау және білім алушылардың, ПОҚ-тың және қызметкерлердің жіберген қателіктерін талдау нәтижелері бойынша Кеңес келесідей шешім шығара алады:

• **ПОҚ және қызметкерлер үшін:**

- ескерту жасау;
- сөгіс жариялау;
- қатаң сөгіс жариялау;
- жұмыстан шығару;
- мақалаларды, оқулықтарды, оқу құралдарын және т. б. жұмыстарды жариялауға жол бермеу.

• **Білімгерлер үшін:**

- ескерту жасау (студенттердің ата-аналарына хабар беру немесе сайтта жариялау);
- бағаны төмендету (әрбір жағдайға 10 балл);
- бағаны, берген жауапты немесе жазбаша жұмысты/анықтаманы жою;
- бағалау/емтиханға жібермеу;
- қайта тапсыру құқығынан айыру;
- сөгіс жариялау;
- оқудан шығару.

5.4.9 Кеңес отырысына істері қаралатын университеттің білім алушылары, ПОҚ және қызметкерлері шақырылады.

5.4.10 Істері Кеңесте қаралатын университеттің білім алушылары, ПОҚ және қызметкерлері ҚР заңнамасына қайшы келмейтін кез келген тәсілдер арқылы негізсіз айыптаудан өзін қорғауға құқылы.

5.4.11 Әдеп жөніндегі Кеңес отырысқа қатысып отырған Кеңес мүшелері санымен емес, қарапайым көпшілік дауысымен шешім қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы арқылы шешім шығарады. Әдеп жөніндегі Кеңес мүшелері дауыс беру кезінде қалыс қалмайды.

5.4.12 Кеңес отырысы хаттама түрінде рәсімделеді, оған Кеңестің төрағасы, мүшелері, сонымен қатар хатшысы қол қояды.

5.4.13 Әдеп жөніндегі Кеңестің қабылданған шешімімен келіспеген Кеңес мүшесі өзінің пікірін жазбаша түрде баяндауға құқылы, ол Кеңестің тиісті қорытындысына қоса беріледі және маңызды болып табылады.

5.4.14 Кеңес отырысының шешімі мүдделі тұлғалардың назарына жеткізіледі.

5.4.15 Кеңес Басқарма Төрағасы - Ректорға білім алушылар мен қызметкерлер тарапынан бұзушылық фактілеріне қатысты өз ұсыныстары мен негіздемелері туралы хабарлайды. Басқарма Төрағасы - Ректор әрбір бұзушылық фактісі бойынша тиісті шешім шығарады.

5.4.16 Әдеп жөніндегі Кеңестің шешімімен келіспеушілік университет Басқарма Төрағасы - Ректорымен қаралады.

6 ӨЗГЕРІСТЕР

Бұл Ережедегі «Өзгерістер туралы хабарламаларды» әзірлеу, ресімдеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер енгізу ІНҚ-ZU-15-02 сәйкес жүргізілуі тиіс және «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркеледі.

Өзгерістерді тіркеу парағы

[illegible]

Танысу парағы

№ р/б	Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
1	Әдеп жөніндегі Кеңес төрағасы	Ерлан Сеилханович Хаймұлданов	29.10.2021 ж.	
2	Әдеп жөніндегі Кеңес мүшесі	Фарзана Борибекова	29.10.2021	
3	Әдеп жөніндегі Кеңес мүшесі	Гульнар Оналбаевна Қожашева	29.10.2021	
4	Әдеп жөніндегі Кеңес мүшесі	Балхия Кулмесовна Шомшекова	29.10.2021	
5	Әдеп жөніндегі Кеңес мүшесі	Наиля Жумағалиевна Сералиева	29.10.21	
6	Әдеп жөніндегі Кеңес мүшесі	Сергей Анатольевич Сочин	29.10.2021	
7	Әдеп жөніндегі Кеңес мүшесі	Салтанат Сайдахметовна Тинистановна	29.10.2021	
8	Әдеп жөніндегі Кеңес мүшесі	Даурен Нуржанович Бекежанов	29.10.2021	
9	Әдеп жөніндегі Кеңес мүшесі	Лаззат Наушабаевна Карашолакова	29.10.2021 ж.	
10	Әдеп жөніндегі Кеңес мүшесі	Роза Аскаровна Сеилкасымова	29.10.2021 ж.	
11	Әдеп жөніндегі Кеңес мүшесі	Назерке Болатбекқызы Нуркасымова	29.10.2021 ж.	
12	Әдеп жөніндегі Кеңес мүшесі	Әсел Мұхтарқызы Байтубекова	29.10.2021 ж.	
13	Әдеп жөніндегі Кеңес хатшысы	Динара Ахановна Солтанова	29.10.2021 ж.	
14	Әдеп жөніндегі Кеңес мүшесі	Айдабек Бөліт Басқаралы	28.09.2021	
15	Әдеп жөніндегі Кеңес мүшесі	Азамат Бектөлеуович Тілеуов	28.09.2021 ж.	
16	Әдеп жөніндегі Кеңес мүшесі	Аманжол Мұсаев	28.09.2021 ж.	
17	Әдеп жөніндегі Кеңес мүшесі	Аманжол Мұсаев	28.09.2021 ж.	
18	Әдеп жөніндегі Кеңес мүшесі	Айтқолсаева Нұрәлі Сейтма	28.09.2021 ж.	